

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті



Бекітемін:  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік  
педагогикалық университетінің  
ректоры м.ғ. Г.Д.Сүгірбаева  
«30» \_\_\_\_\_ 2020 ж.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде 2019-2020 оқу жылында атқарылған жұмыстар есебі.

Шымкент, 2020 ж.

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Оңтүстік  
Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде 2019-2020 оқу  
жылында атқарылған жұмыстар  
Есебі**

ЖОО қабырғасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша 2019-2020 оқу жылына арналған университеттің жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті ректор м.а Б. Исабек тарапынан бекітілді (29.08. 2019 ж.).

Жаңа жоспарда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындау мақсатында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақалада көрсетілген барлық бағыттарды қамтитын жұмыстар жоспарланып, ұзақ мерзімді және кешенді іс-шаралар өткізу белгіленді. Ол жоспарда ең алдымен **ұйымдастыру бағытындағы** жұмыстарға ерекше маңыз берілді. Содан соң стратегиялық мақалада көрсетілген бағыттарды орындау мақсатындағы іс-шаралар белгіленді.

**2019-2020 оқу жылында сол жоспарларға сай және жоспардан тыс мына төмендегіше іс-шаралар атқарылды.**

2019 жылдың 3-4 қыркүйек күндері Қазақстан халқы Ассамблеясының Қоғамдық келісім мен жалпы ұлттық бірліктің қазақстандық моделін дәріптеу бойынша «Қазақтану» жобасы аясында Түркістан облысы аумағында республикалық лекторий ұйымдастырылды. Лекторий жұмысына ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы, т.ғ.к., доцент м.а. Қ.С. Анарбаев лектор ретінде қатысты. Арнайы кестеге сай Түркістан қаласы, Сарыағаш ауданы көлеміндегі мекемелер мен тұрғындар арасында ұлттық құндылықтар бойынша лекциялар оқыды. Орталық басшысы тарапынан облысқа республиканың өзге өңірлерінен келген қонақтарға тарихшы ғалым ретінде облыстың көлемінде жол бойында кездескен тарихи және мәдени ескерткіштермен таныстыру жұмыстары қоса жүргізілді.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» - дейді дана халқымыз. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің бір топ ұстаздары бұрынғы әріптестері, білікті тарихшы ғалым, белгілі спорт шебері және ұлт жанашыры болған жерлесіміз Зиядин Исабековтің есімінің 2019 жылы 4 сәуір күні Қазақстан Үкіметінің қаулысымен Түркістан облысы Ордабасы ауданындағы «Мақташы» жалпы орта мектебіне берілуіне орай ұйымдастырылған іс-шараға барып қайтты.

Ұлттың жаңғыруы оның өзінің рухани тамырларынан нәр алуымен тікелей байланысты екенін өзінің көзі тірісінде насихаттап та, жеке үлгісімен көрсете білген Зиядин Исабековтің рухына тағзым ете отырып, кейінгі жастарға тағлымды тұстары бойынша естеліктер мен ой-пікірлерін жиналған көшпен бөлісіп қайтты. Оның бірқатары БАҚ жарияланды.

11.09.2019 ж. Республикалық қоғамдық ұйымдардың бірі «Әлеуметтік қорлар орталығы» маманы Қадырова Ләззат Құрманбекқызы мен ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы т.ғ.к., доцент м.а. Қ.С.Анарбаевтың арасында «Қоғамдағы діни ахуал» тақырыбында сұқбат өрбіді. Ләззат Құрманбекқызының сауалдарына жауап берген орталық басшысы Қайрат Сапарханұлы Анарбаев бүгінгі жастардың халқымыздың рухани құндылықтарын бойына сіңірудің мәселелері бойынша өзіндік пікірлерін ортаға сала келе, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың стратегиялық мақалаларының түпкі мәні де сол рухани құндылықтарды заманауи деңгейде меңгеруге бағытталып отырғанына назар аударды.

Мемлекет пен қоғамның бірлескен іс-шараларының арқасында халқымыздың діни сауаттылығы жылдан жылға артып келе жатқанына назар аудару керектігін айтқан орталық басшысы бұл үрдістің тоқтаусыз жүруі үшін дінтанушы мамандар керектігіне тоқталды.

ОҚМПУ қабырғасында Тарих-Дінтану мамандығы бойынша мамандар әзірленіп отырғанын және ол мамандар қоғам үшін қажетті, ал мемлекеттік білім беру стандарттарына сай ондай мамандарды әзірлеудің абыройлы іс екенін ерекше атап көрсетті.

2019 жылдың 18 қыркүйек күні Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың «Сындарлы диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауын насихаттау және түсіндіру бойынша семинар өтті. ҚР Президенті жолдауындағы айтылған мәселелердің Қазақстан қоғамының рухани жаңғыруы бағыттарымен тоғысатын тұстары туралы «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы т.ғ.к., доцент м.а. Қ.С. Анарбаев жиынға қатысушылар алдында баяндай отырып, көпшіліктің сауалдарына жауап берді. Өз кезегінде жастарда өз ойларын ортаға салды.

ОҚМПУ-де «Рухани жаңғыру» орталығының жоспарынан тыс іс-шаралар қатарында 2019 жылдың 25 қыркүйек күні Түркістан облысы, Сайрам ауданы аумағында орналасқан Құрлық қала-жұртының аумағында орналасқан Төлеп баб мазарының басына ауыл қариялары мен ғалымдардан құралған топ барып, құран бағыштап қайтты. Құрлық қаласы ортағасырлық Түргеш мемлекетінің бір астанасы ретінде белгілі болған тарихи мекен саналады. Экспедицияға қатысушылар арасында осы тарихи орынды ғылыми зерттеу нысаны ету мәселелері бойынша әңгіме өрбіді.

Осы бағыттағы тағы бір іс-шара ретінде жазғы демалыс айларында төртінші рет Начальник қаласында өткен «Біздің тарихтағы - халықтар достығының тамырлары» атты халқаралық жазғы мектепке ОҚМПУ студенттерімен оқытушыларының қатысқанын айта аламыз. Іс-шараға қатысқан жастар мен олардың жетекшілері өздерінің алған әсерлері мен ойларын БАҚ-да (Панорама Шымкента. 2 октябрь 2019. №78) көпшілікпен бөлісті.

4 қазан 2019 жылы ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» алаңында «Жаратылыстану» факультеті І студенттерінің Арнау күні өтті. Білімге ұмтылған жастардың алғашқы қадамы «Рухани жаңғыру» алаңынан бастау алғанын жақсылыққа баладық.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының аясында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын іске асыру міндеті қолға алынғалы екі жылдың жүзі болды. Былтырғы жылы игі бастаманың негізінде ғылыми қауымдастықты жұмылдырыла отырып, Ұлттық Аударма Бюросы тарапынан 18 оқулық жарыққа шыққан еді. Ал биылғы жылы ОҚМПУ-нің кітапханасының қоры тағы да 30 жаңа кітап қосылды. Биыл аударылып, баспаға дайындалған оқулықтардың қоғамдық сананың жаңғыруында маңызы зор деп санаймыз. Жаңа топтамада әлемдік деңгейдегі ғалымдардың авторлығымен жарияланған Әдебиет теориясы, Антология, Интернет психологиясы, Ориентализм, Ұйымдық мінез –құқық негіздері, Халықаралық құқық, Халықаралық бизнес құқығы және заңнамалық орта, HR-менеджмент, Технологиялық инновациялардағы стратегиялық менеджмент, Оқыту теориясы, Білім беру көкжиегі, Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу, ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны, Батыс философияның жаңа тарихы, Медиа этика, Жас мамандардың тәжірибесінен, Тіл тарихы, Тіл-инстинкт, Дүниежүзі тарихы І-ІІ томдары және т.б. оқулықтар бар.

2019 жылдың 4-5 қазан күндері Түркістан облысы аумағында «НұрОтан» партиясының бастамасымен халқымыздың біртуар перзенттері, мемлекет және қоғам қайраткерлері С.Қожанов пен Т.Рысқұловтардың туғанына 125 жыл толуына орай «Ақсүмбе мен Ақсу-Жабағылы арасы» атты автошеру өтті. Оған ЖОО ғалымдары ф.ғ.к., доцент Н.Ж.Нүрпейсов пен т.ғ.к., доцент м.а. «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы Қ.С.Анарбаевтар қатысты. Іс-шара аясында Созақ ауданының орталығы Шолаққорған

кентінде орналасқан «Мыңжылқы» сарайында ұйымдастырылған ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияда ғалымдар тұлғатанулық бағыттардағы мәселелерге байланысты ғылыми баяндамалар жасады. Конференция модераторы, Созақ ауданының құрметті азаматы, ОҚМПУ деканы, ғалым Н.Ж.Нүрпейсов болды. 5 қазан күні конференцияға қатысқан ОҚМПУ және М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғалымдары С.Қожановтың туған ауылы Ақсүмбе ауылына барып ондағы іс-шараларға қатысты. Ортағасырлық тарихи ескерткіш Ақбикеш мұнарасының қазіргі жағдайымен танысқан ғалымдар ескерткіштің кешегі Дешті-Қыпшақ даласы кезеңінен жеткен құнды жәдігер ретінде мемлекет тарапынан қорғау жұмыстары дереу қолға алынбаса айырылып қалу қаупі бар деген ортақ ойға тоқталды. Өйткені ескерткіштің жауын жағы бастапқы қалпынан 4-5 метрге, тіпті пана тұсының өзі 1-2 метрге дейін мүжілгені анық байқалып тұрғанының куәсі болды.

Биылғы жылы оңтүстіктегі киелі шаңырақтың бірі А.С.Пушкин атындағы Түркістан облысының кітапханасына -120 жыл. Осыған орай облыс аудандарында түрлі іс-шаралар өтуде. 2019 жылдың 9 қазан күні сондай іс-шараның бірі Сарыағаш ауданында ұйымдастырылды. «Кітапхана қызметіндегі жаңа форматтар» атты кітапханашылардың облыстық семинарына қатысқан ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығы басшысы Қ.С. Анарбаев ҚР Президенті Қ.Ж.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған биылғы жолдауын түсіндіру мен насихаттау бағытында «Жолдау-ел мұраты» атты тақырыпта баяндама жасады.

2019 жылдың 10-11 қазан күндері ОҚМПУ Педагогикалық шеберлік орталығы мен Шымкент қаласы білім басқармасы бірлесе отырып, ҚР оңтүстік өңірі жетекші мектептерінің «ЖАҢАРУ ЖАРШЫСЫ» I Аймақтық форумы өтті. Форумға «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы, педагогикалық шеберлік орталығы, Шымкент қаласы әкімдігі өкілдері, Шымкент қаласы, Түркістан, Қызылорда, Алматы, Жамбыл облыстары білім басқармаларының өкілдері, жетекші мектептердің директорлары мен педагогтары қатысты.

Форумның мақсатына сай жалпы білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік жетекші мектептердің тәжірибесіндегі инновациялық идеялардың талқылауы жүрді. Бұл форум аясында ОҚМПУ ректораты мен «Рухани жаңғыру» орталығы тарапынан келген қонақтарға университеттегі «Рухани жаңғыру» бағытындағы атқарылған жұмыстардың таныстырылымы өтті. Ұлы Дала өркениетінен сыр шертетін археологиялық көрме, студенттердің алаңы және ЖОО «100 жаңа оқулық» залында орналасқан жаңа кітаптармен танысқан қонақтар болашақта да бұл бағыттарда да ғалымдармен бірлесе жұмыстары жүргізуге ниетті екендіктерін жеткізді.

2019 жылдың 16 қазан күні ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» алаңында Педагогика-гуманитарлық факультетінің барлық, I курс студенттері үшін «Студенттерге арнау» атты іс-шара өткізді. Білім табалдырығын енді аттаған жастардың алғашқы қадамы «Рухани жаңғыру» алаңынан басталғанына студенттердің өзі де риза екендіктерін жүрекжарды қуаныштарымен қоса айтып жатты. Бұндай мерекелік шаралар студенттерді бір-бірімен жақындастыра түссе, екінші жағынан осы шара барысында алаңда орналасқан Елбасы мақаласында айтылған алты бағыт пен «Ұлы Даланың жеті қыры», сондай ақ осы бағытта ЖОО атқарылып жатқан жұмыстармен қосымша танысуы қатар жүреді. Іс-шара барсында көрермендер де, қатысушылар да жоғары белсенділігін танытып, өздерінің ұйымшылдықтарын көрсете білді.

2019 жылдың 17-18 қазанда ЖОО акт залында ОҚМПУ Кәсіптік шығармашылық факультеті және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан облысы Қазақстан халықтары ассамблеясының мұрындық болуымен «Қазақстан халықтарының еуразиялық музыкалық кеңістіктегі этнотолеранттылығын

**қалыптастырудағы көркем шығармашылық мүмкіндіктері»** тақырыбында Халықаралық Арт-симпозиумы өтті.

Арт симпозиумның мақсаты – тәуелсіз еліміздің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ұлттық өнерімен төл мәдениетін насихаттау. Суретшілермен тәжірбие алмасу арқылы бейнелеу өнерін дамытуға дем беру.

Аталған симпозиумға Отырар университеті Музыкалық білім кафедрасының меңгерушісі Губайдуллин Ө.Г, Өзбек драма театрының директоры Хашимжанов Икрам Акрамұлы, ОҚМПУ тәрбие ісі жөніндегі проректоры Байғұт Ақлима Мархабатқызы, Сыдыкова Роза Шаймардановна п.ғ.д., профессоры, Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Өнер» факультетінің декан орынбасары Мамбетаев Ермек Бахытжанұлы, Музыкалық білім кафедрасының меңгерушісі Досбағанбетова А.Т. және де белгілі суретшілер қатысты.

Арт симпозиумның ашылуында ОҚМПУ тәрбие ісі жөніндегі проректоры Байғұт Ақлима Мархабатқызы мен Музыкалық білім кафедрасының меңгерушісі Досбағанбетова А.Т. сөз сөйледі.

Симпозиумға қатысушыларға ҚР Халық әртісі, ХҚТУ профессоры Қажыбек Құдайбергеноұлы Бекбосынов «Ғарифулла Құрманғалиевтың ұлттық шығармашылығының рухани жаңғырудың құндылығы» тақырыбында баяндама жасады. Іс-шараның маңызын арттырған Азербайжан мемлекеттік көркемсурет академиясының диссертанты Мадатова Гюльназ Орудж гызының (Баку қаласы) «Своеобразие описаний человека в произведениях заслуженного художника Фармана Гуламова» мен Түркістан облыстық Өзбек драмалық театрының директоры, Хашимжанов Икрам Акрамұлының «Развитие традиционной культуры узбекского народа в современном социокультурном пространстве» тақырыбындағы баяндамаларын оқыды. Іс – шара соңы бейнелеу өнерінің түрлі жанры бойынша салынған жаңа туындыларымен бөлісіп, ОҚМПУ Музыкалық білім мамандығының студенттері мен Халықаралық Қазақ -Түрік университетінің студенттері бірге ұйымдастырған концерттік кешке ұласты.

2019 жылдың 24-25 қазан күндері Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті қабырғасында «Рухани жаңғыру» орталығының жұмыс жоспарына сәйкес «Дене тәрбиесі» кафедрасы «**Ұлттық спорт - қазақ намысының қайнары**» атты дәстүрлі ұлттық спорт түрлерін жаңғырту бойынша студенттер арасында тоғызқұмалақтан спорттық сайыс өткізді.

Жарыс мақсатына сай онда ұлттық спортты насихаттау, жастардың осы ойынға деген қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстары қатар жүрді. Аталған жарыс қызықты және тартысты өтті. Жарыстың нәтижесі бойынша төмендегі Университетіміздің студенттері жүлдегер және жеңімпаз атанды:

Жарыстың жүлдегерлері мен жеңімпаздарына Дене шынықтыру және спорт факультетінің деканы Ө.Ж.Тұрысқұлов марапаттады.

Ерлер арасында: I орын – **Қасымов Ұлан**, Жаратылыстану факультеті.

II орын – **Тұрсынбаев Жасұлан**, Дене шынықтыру және спорт факультеті.

III орын – **Төрехан Батухан** Жаратылыстану факультеті.

Қыздар арасында:

I орын – **Тұрғынбекова Гүлден** Дене шынықтыру және спорт мамандығының 2-курс студенті.

II орын – **Қарабаева Салтанат**, Физика-математика факультеті.

III орын – **Абдулова Аруа**, Физика-математика факультеті.

31 қазан 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласы ҚР Ұлттық кітапханасында Қазақстан халқы Ассамблеясы Ғылыми – сарапшылық кеңесінің 10 жылдығына арналған «Әралуандықтағы бірілік: қазақстандық және халықаралық тәжірбие» атты ғалымдар мен сарапшылардың халықаралық форумы өтті. Форум жұмысына ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы, Шымкент қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сарапшылық кеңесінің

төраға орынбасары, т.ғ.к. Қ.С.Анарбаев қатысты.

Ресей, Тәжікстан, Қырғыз республикаларынан шетелдік сарапшылардың бір топ өкілдері де келіп қатысқан форум жұмысында еліміздің ұлттық саясатты жүргізудегі озық тәжірибелері мен перспективалары мәселелері бойынша ғалымдар өзара пікір алмасты.

2019 жылдың 1 қараша күні Педагогика-гуманитарлық факультетінің деканы, ф.ғ.к. Э.Б.Оразбаеваның ұйымдастыруымен 5В010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 4 курс студенттерімен «*XXI ғасыр мұғалім мәртебесі*» атты коучинг өткізілді. Коучингтің мақсаты студенттер жаңартылған білім бағдарламасының ерекшеліктері, инновациялық әдістер, мұғалім мәртебесі, XXI ғасыр мұғалімінің моделі қандай болуы керектігі кәсіби құзіреттілігін қалыптастыра отырып, олардың кәсіптік деңгейінің өсуіне жағдай жасау. Осы тақырыпқа байланысты студенттер өз ойларын ортаға салып, Инновациялық әдістерді қолдану арқылы сабақ үлгілерін көрсетті.

2019 жылдың 8 қараша күні ОҚМПУ-де «Рухани жаңғыру» орталығының жоспарына сай және студенттердің туған өлкенің киелі жерлері мен танысу мақсатында Тарих-Дінтану мамандығы студенттері саяхатқа шықты. Саяхатты Педагогика-гуманитарлық факультеті мен «Рухани жаңғыру» орталығы бірлесе отырып ұйымдастырды. Жастар саяхат барысында Сайрамда орналасқан Қ.А.Ясауидің анасы Қарашаш ана мавзолейінде, Мирәлі баб, Ибрахим ата кесенелері мен тарихи орын Мәртөбеде болды. Саяхаттың екінші жартысында Төле би ауданы аумағындағы «Шілтер ата», Қазығұрт ауданы көлемінде Ақбура әулиелердің орнында болып кеіелі жерлермен танысты. Сонымен бірге Қазығұрт тауының Алмалық шатқалымен танысып, онда қызғалдақ пен жабайы алма түрлерінің өсетінінен хабардар болды. Елбасы мақаласында айтылғандай Қазақстан алма мен қызғалдақтың отаны екеніне тікелей барып көздері жеткен олардың саяхатты ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдіріп жатты.

2019 жылдың 15 қарашасында ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығы басшысы Қ.С.Анарбаев Ы.Алтынсарин атындағы облыстық балалар кітапханасында қаладағы орта мектептердің оқушыларымен өткен кездесуге қатысты. Онда оқушыларға еліміздегі «Рухани жаңғыру» бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар таныстырылымы өтті. Қ.С. Анарбаев еліміздің өңірдегі осы бағыттарда атқарылып жатқан жұмыстар мен ұлттық таным, «ұлттық код» мәселелері бойынша оқушыларға түсініктер берді. **фывс**

2019 жылдың 19 қараша күні ҚМДБ-ның Шымкент қаласы және Түркістан облысының ұйымдастыруымен «Рухани құндылықтар –қоғам бірлігінің негізгі» атты аймақтық имамдар форумы өтті. Аталмыш форумға Бас мүфти Серікбай қажы Ораз, Шымкент қаласының әкімі Е.Айтаханов, Шымкент және Түркістан облысының имамдары зиялы қауым өкілдері қатысты.

Форум қасиетті Құран аятымен ашылып, одан ары жиында бүгінгі қазақ қоғамының мәселелері сөз болып, асыл діндегі ұлттық құндылықтар насихатталды. Жиынға Арқадан арнайы келген еліміздің бас мүфтиі, қажы С.Ораз 23 қазанда Нұр-Сұлтан қаласында өткен республикалық имамдар форуымында қабылданған «Жеті рухани қазық» Тұғырнамасын таныстырып, осы тұғырнамада еліміз мұсылмандарының тұлабойында табылуы тиіс негізгі ұлттық жеті көркем сипаттарды тілге тиек етіп айтып өтті.

Рухани жиынға қатысқан ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы, т.ғ.к. доцент Қ.С.Анарбаев жиын барысында «Ұлттық таным мен жеті рухани қазыққа» байланысты өз ойларымен дін саласы қызметкерлерімен бөлісті.

2019 жылдың 20 қараша күні «Рухани жаңғыру» орталығының жоспарына сай ЖОО «С» ғимаратында орналасқан 209 дәрісханада, 21 қараша күні Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «100 жаңа оқулық» коворкинг орталығында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақаласындағы тапсырмаларға орай «**Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық**» жобасы аясында жарық көрген оқулықтардың Әдебиет теориясы және тарих және мәдениеттанулық бағыттары бойынша жарияланған еңбектерді оқып үйрену және ол

еңбектердің ерекшеліктері мен оқулықтарды оқу үдерісіне енгізудің өзекті мәселелері бойынша семинар-кеңестер өтті.

Семинарларға ОҚМПУ ғалымдары, зиялы қауым өкілдері және студент жастар қатысты. Семинар барысында биылғы жылы ЖОО келген 30 аталымдағы жаңа кітаптардың таныстырылымы мен оларды пайдалану бойынша тиімді ұсыныстар айтылып, талқыланды. Кітаптардың бүгінгі заманауи білім беру мен алудың талаптарына сай келетін тұстары мен қатар елдің рухани жаңғыруы бағытындағы өзекті тұстары туралы ғалымдардың пікірлерімен танысқан көпшілік семинардың пайдалы болғанына ризашылықтарын айтты.

Өз кезегінде семинарға келген ПОҚ ол кітаптарды оқу бағдарламаларына енгізудегі озық тәжірибелерімен бөлісіп, студент жастарға оқулықтармен жұмыстар жасаудың тиімді тұстарына қатысты өз ойларын жеткізуге тырысты.

2019 жылдың 21 қараша күні Шымкент қалалық Жастар ресурстық орталығының мәжіліс залында **«Шырайлы Шымкент: Береке басы-бірлік»** атты қоғамдық форум жұмысы өтті.

Форум жұмысына елге танымал ғалымдар, қоғам және мемлекет қайраткерлері, қаланың зиялы қауымы, қала басшылығы мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері және жастар қатысты. Форумды белгілі жазушы, қоғам қайраткері М.Байғұт жүргізіп отырды.

Жиын қонақтары арасында философ-ғалым, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есім мен белгілі қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі жерлесіміз Мырзагелді Кемел ағалар «ел бірлігі мен ынтымағы» туралы сөз айтқанда оңтүстіктің орнының ерекше екеніне тоқтала келе, болашақтың иесі саналатын қала жастарына қол жеткен табыстарды еселеуге шақырды. Бұл орайда аға буынға бүгінгі жастарға сену керектігін тілге тиек ете отырып, өз кезегінде жастардың еліміздің үмітін ақтау үшін терең білім алуға шақырды. Ұлттық құндылықтарын бойға сіңірген елдің келешегі кемел екенін түсіндірді. Оның ішінде рухани байлық туралы, «Мәңгілік ел», «Ұлттық код» т.б. сияқты Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұлттық идеологияның негізі саналатын ойларына терең бойлаудың қажеттігіне тоқталды. Форум жұмысына қатысқан ОҚМПУ ұстаздары мен студент жастары үлкен әсермен қайтты.

2019 жылдың 22 қараша күні Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен **«Шымкент қаласының тарихы және өркениеті»** атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Конференция Шымкент қаласы Ашхабадта өткен ТМД елдерінің шығармашылық және ғылыми зиялы қауым өкілдерінің XIV форумында 2020 жылы ТМД-ның мәдени астанасы ретінде белгіленіне орайластырылды. Ғылыми конференция жұмысына зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, білім және мәдениет саласының өкілдері, ЖОО басшылығы мен студенттері және ұлағатты ұстаздар қатысты. Конференцияға қатысушы ғалымдар пленарлық және секциялық мәжілістерде Шымкенттің көне, ортағасырлық, жаңа және қазіргі заманғы тарихына қатысты ғылыми зерттеулердің жайымен және мегаполистің болашағына байланысты зерттеу ойларымен бөлісті. Аймақтық конференцияға жиналған зиялы қауым ғылыми жиынның Шымкенттің ТМД-ның мәдени астанасы ретіндегі миссиясын атқару алдындағы маңызды іс-шаралардың бірі және жастардың рухани жаңғыруы үшін берері мол жиын болғанын атап өтті.

2019 жылдың 29 қараша күні Тұрар Рысқұловтың туғанына – 125 жыл. Осы орайда Қазығұрт ауданы Т.Рысқұлов атындағы мектеп -лицейінде «Ұлт тарихындағы жарқын тұлға» атты іс-шара өтті. Іс-шараға ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы Қ.С.Анарбаев қатысып Тұрар Рысқұлов сияқты тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы жайлы зерттеулерді ұлттық таным тұрғысынан қарастырудың өзекті мәселелері туралы баяндама жасады. Өз кезегінде аудандағы ең көне мектептер ғимаратына орналасқан аталмыш мектеп мерей тойға тыңғылықты әзірлікпен келгендігін көрсетті. Қазақ халқының тарихи кезеңі мен тұлғаларының тарихи келбетін көрсетуде мектеп мұғалімдері мен оқушылары шеберлік танытты.

2019 жылдың 4 желтоқсан күні Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының ұйымдастыруымен семинар-кеңес өтті.

Семинар кеңеске Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының ұстаздары, кафедра меңгерушісі педагогика ғылымдарының кандидаты Таутаева Гүлдарига, «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы Қ.Анарбаев және студент жастар қатысты. Семинар кеңесте «Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделу Элен Битэм, Рона Шарп және Х.Дейл Шунк Оқыту теориясы», еңбектері талқыланып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Семинар соңында студент жастар мен аталған еңбетерді оқып үйрену студент жастармен тағыда өткізу туралы уәделесті.

2019 жылдың 6 желтоқсан күні Педагогика-гуманитарлық факультетінің декан міндетін атқарушы Әмірханов Азаматтың ұйымдастыруымен 5В010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 2 курс студенттерімен бірге «Ұлттық құндылықтарды тану мен құрметтеу – ұлттық бірегейлікті сақтаудың негізі» атты дөңгелек үстел өткізді. Осы тақырыпқа байланысты қызу талқыланып, студент жастар өз ойларын ашық жеткізді.

2019 жылдың 10 желтоқсан күні География кафедрасы, Құқық және экономика мамандығының ПОҚ «Рухани жаңғыру» орталығының жоспарына сай ЖОО бас ғимаратында орналасқан Н.Ә.Назарбаев орталығында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақаласындағы тапсырмаларға орай **«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»** бағдарламасын іске асыру аясында аударылып, басып шығарылған экономика, менеджмент, кәсіпкерлік, инновация ғылымдары және құқық бағыттары бойынша жарияланған еңбектері талқыланды.

Семинарға кафедра меңгерушісі Тажекова А.Д., кафедра оқытушылары, зиялы қауым өкілдері және студент жастар қатысты. Семинар барысында биылғы жылы университет кітапханасына келген жаңа кітаптардың таныстырылымы мен оларды пайдалану бойынша тиімді ұсыныстар айтылып, талқыланды. Кітаптардың бүгінгі заманауи білім беру мен алудың талаптарына сай келетін тұстары мен қатар елдің рухани жаңғыруы бағытындағы өзекті тұстары туралы ғалымдардың пікірлерімен танысқан көпшілік семинардың пайдалы болғанына ризашылықтарын айтты.

Семинарға келген ПОҚ ол кітаптарды оқу бағдарламаларына енгізудегі озық тәжірибелерімен бөлісіп, студент жастарға оқулықтармен жұмыстар жасаудың тиімді тұстарына қатысты өз ойларын жеткізуге тырысты. Рухани жаңғыру аясында шетелдік ғалымдардың еңбектерімен қатар, өзіміздің отандық ғалым-педагогтардың да озық оқулықтарын кәдеге жарата білуіміз қажет екендігін тілге тиек етті.

2019 жылдың 11 желтоқсан күні 16 - желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Ontustik» телеарнасына ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы т.ғ.к.,доцент м.а. Қ.С.Анарбаев қатыстып сұхбат беріп қайтты.

2019 жылдың 12 желтоқсан күні Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде Тәуелсіздік күні мерекесіне орай жас айтыскер ақындар арасында "Тәуелсіз елдің жастары" атты тақырыпта республикалық айтыс өткізді. Жастар жылына орай ұйымдастырылған жыр додасында еліміздің әр өңірінен келген 12 айтыскер бақ сынады. Ақындар ұтымды әзіл, салмақты ой орамымен көрермен ықыласына бөленді.Ақындар береке басы болған елдегі бірлікті, ағайын іші тату тірлікті жырға қосты. Нұр-Сұлтан, Алматы және Түркістан облысынан келген айтыскерлердің маржан сөзбен мәнді етіп жеткізген көркем ойына жұртшылық дуылдата қол соқты. Айтыстың көрігін қыздырып, көптің көңілдегісін өлеңмен өрнектеген ОҚМПУ-нің студенті Нұрғали Әнәпия бас жүлдені еншіледі.Айтысқа



қатысушылардың барлығы бағалы сыйлықтармен марапатталды.

2019 жылдың 20 желтоқсан күні Халыков Алмас Шулезбайұлының «Дала үні» атты Бейнелеу өнері музейінің Көркемсурет галереясында жеке шығармашылық көрмесінің ашылу салтанаты өтті. Көрмеге Шымкент қаласының әкімі Е.Айтаханов, ОҚМПУ ректоры А. Кайрбекова, қатысты. Кездесу барысында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының аясында жүзеге асырылып жатқан жұмыстары әңгімеленді. Көрмеге жалпы саны 70-тен астам картина қойылған. Туындылар түрлі жанрда салынған. Көрмедегі жұмыстармен танысқан Ерлан Қуанышұлы ел мен жердің көркін қылқаламмен ақ қағаз бетіне түсіре білген өнер иелерінің «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына қосып отырған үлесі мол екенін жеткізді.

2019 жылдың 27 желтоқсан күні «Рухани жаңғыру» орталығының жоспарына сай Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «100 жаңа оқулық» коворкинг орталығында «Ұлы Дала тарихи тұлғаларының кеменгерлік, кемелділік және кеңдік қасиеттерінің тарихи сабақтастығындағы дәстүрлі ислам құндылықтары» атты Рухани танымдық кеш өтті. Рухани танымдық кеш қонақтары Оспанов Дәлелхан, Бауыржан Заманханов - Шымкент қаласы Дін істер басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ бөлім басшылары, Баймаханов Бекжігіт - Шымкент қаласы Ішкі саясат және дін істері басқармасы «Рухани жаңғыру» жобасының жетекшісі, Медеуов Шерім Медеуұлы - тыл ардагері Шымкент, Арыс қалаларының құрметті азаматы, Омаров Мұхан - Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы, Өмірбек Темірұлы зейнеткер және студент жастары қатысты. Кеш қонақтары студент жастарға, елдің рухани жаңғыруында, әсіресе жастардың руханиятындағы Ислам діні құндылықтарының тарихи орны мен маңызына қатысты қызықты да, маңызды ақпараттармен бөлісіп, туындаған сұрақтарға жауаптар берді.

2020 жылы 24 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде Әбу Насыр әл - Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған «**Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми – әдеби әлемі**» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Ғылыми конференция жұмысына зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, білім және мәдениет саласының өкілдері, ЖОО студенттері және ұлағатты ұстаздар қатысты. Түркия елінен келген Хадж Байрам Вели атындағы Анкара университетінің профессоры Конуралп Эрджуласын «Әл- Фараби дәуірінде Отырар алқабын мекен еткен тайпалар және олардың мәдениеті» атты баяндамасы көпшіліктің көңілін аударды. Конференция аясында өткен «Ұлы Тұран тұлғаларымен тарихы» атты семинар жұмысында педагогикалық жоғары оқу орны ғалымдары Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігін» сан-салалы білімдерді қамтыған ортағасырлық терең философиялық, дидактикалық шығарма ретіндегі қырларына қатысты шетелдік әріптестерімен соңғы ғылыми ізденістер туралы ой бөлісті.

2020 жылдың 6 және 10 ақпан күндері ЖОО-ның №4, №2 жатаханасында «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы Қ.Анарбаевтың қатысуымен «**Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық**» бағдарламасын іске асыру бағытындағы ЖОО жоспарларына сай студент жастармен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында Қ.Анарбаев студент жастарымызға қазақ тіліндегі кітаптардың қоғамның рухани жаңғыруындағы, «білімнің салтанат құруындағы» құндылығы мен пайдасын және арнайы осы оқулықтармен танысқан студенттер Карен Аомстронгтың «Құдайтану баяны», Эрнст Гомбрихтың «Өнер тарихы», Дейл Х.Шунктың «Оқыту теориясы», Энтони Кеннидің «Қазіргі заман философиясының» мазмұнын көпшілікке түсіндіріп өтті. Кездесу соңында жатақханада тұрып жатқан студенттер өткізілген іс-шараға ризашылықтарын білдіріп, оқулықтармен танысып, пайдаланып жатқандықтарын датілге тиек етті. Кейбір оқулықтардың материалдарының сыни көзқараспен қарай отырып оқылуы керектігі жайлы да студент жастар өз

ойларын ашық жеткізіп, алдағы уақыттарда да осындай пікіралмасуларды тағы өткізу туралы өтініштерін де жеткізді.

2020 жылдың 19 ақпан күні «Рухани жаңғыру» орталығының жұмыс жоспарына сай **«Ұлы Даладағы рухани –мәдени интеграция үдерісіндегі Алтын Орда мемлекетінің орны мен рөлі»** атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге Түркістан облыстық тарихи – өлкетану музейінен Г. Лазар және Шымкент қалалық «Рухани жаңғыру» орталық штабы маманы Б.Бекжігіт, ЖОО профессор - оқытушылары, студент жастар қатысты. Дөңгелек үстелде Қ. Анарбаев Ұлы Дала тарихында әлемдік деңгейдегі өзгерістерге зор ықпал етіп, көшпелілердің көне замандардан бері жер бетіндегі өркениеттерге, мәдениеттерге ерекше әсер еткен кезеңінің соңғы толқыны Шыңғысхан бастаған түрік-моңғол тайпаларының жорықтары арқылы әлем тарихында сақталып қалғандығы туралы толық ақпарат беріп өтті. Дөңгелек үстел барысында музей қызметкерлері "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таңбалыжар ескерткішіне жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлерді көрнекі түрде көрсете отырып, "Алтын Орда дәуіріндегі Оңтүстік" тақырыбында баяндама жасады. Іс-шара барысында "100 жаңа оқулық" оқу залына және белсенділік танытқан студентке музейдің үш тілде шығарылған археология жәдігерлерден тұратын "Уақыт ағымы" атты каталогын сыйлады. Іс-шара барысында студент жастар келген қонақтарға сұрақтарын қойып, өзара қызу талқылады.

2020 жылдың 28 ақпан күні Түркістан облысы Созақ ауданында Н.Төрешұлов атындағы ІТ мектеп лицейінде ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Әке отбасының тірегі» атты семинар өтті.Семинарға Түркістан облысы Ардагерлер кеңесінің арнайы шақыртуымен қатысып қайтқан ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы т.ғ.к Қ.Анарбаев «Әкелер мектебінің тарихи сабақтастығымен мәселелері» атты тақырыпта баяндама жасады. Жиын барысында қазақ қоғамындағы ұлттық тәрбие мәселелері мен оны жаңғыртудың өзекті тұстары сөз болды. Түркістан облысы Ардагерлер кеңесінің бастамасымен өңірлік мектептерде құрылып, тәрбие мен рухани жаңғыруды қатар алып жұмыс жасай бастаған «Әкелер мектебінің» жұмыстары республика бойынша қызығушылық пен қолдау таба бастағаны белгілі. Аталған мектептің жұмысына ЖОО ғалымдары да өзіндік үлес қосып келеді.

2020 жылы 28 ақпанда ОҚМПУ Кәсіптік – шығармашылық факультетінің Музыкалық білім және Бейнелеу өнері мамандығы студенттерінің ұйымдастыруымен "Алғыс айту" күніне орай Шымкент қалалық "Ардагерлер" үйінде іс-шара өткізді. Іс –шара барысында студент жастармыз концерттік бағдарламасын көрсетіп, жастардың өздері жасаған қол өнері туындыларын ардагерлер үйіне сыйға тартты.

2020 жылдың 2 наурыз күні Педагогика-гуманитарлық факультетінің деканы ф.ғ.к Э.Б.Оразбаеваның жетекшілігімен «Мемлекеттік рәміздерді ұлықтау - әрбір азаматтың міндеті» атты патриоттық іс-шара өтті. Тарихи танымдық және патриоттық сипатта ұйымдастырылған іс-шараға ОҚМПУ Әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректоры ф.ғ.к Р.Бегалиева, «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы т.ғ.к Қ.Анарбаев, Педагогика-гуманитарлық факультетінің ұстаздары және студент жастары қатысты. Ел рәміздері туралы ақпараттық және патриоттық мәнге ие іс-шарада мемлекеттік рәміздер туралы арнайы деректі фильмдер көрсетіліп, студент жастармен танымдық ойын түріндегі жұмыстар өткізілді. Жеңімпаздар естелік сыйлықтарға ие болды.

Іс-шарада «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы т.ғ.к Қ.Анарбаев «Қазақ қоғамының рухани жаңғыруындағы мемлекеттік рәміздердің орны мен рөлі» атты тақырыпта баяндама жасады.

2020 жылдың 4 наурыз күні Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде «Абай мұрасы – халық қазынасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция өтті. Ғылыми конференция жұмысына зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, ЖОО басшылығы мен студенттері және ұлағатты ұстаздар қатысты. Конференцияға қатысушы ғалымдар пленарлық және секциялық мәжілістерде Абай мұралары және өзіндік ғылыми ізденістері бойынша жасалған тұжырымдары ғылыми орта талқылады. Студент жастар Абай мұраларының жаңа қырларымен танысып, ғалымдардың ғылыми пікіралмасулары өтті. Оның ішінде ұлттық ойлау жүйесінің тарихи өзгерістеріне, оның Абай шығармаларындағы көріністеріне қатысты мәселелерге назар аударылды.

2020 жылдың 5 наурыз күні Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының доцент міндетін атқарушы Қ.Бекдаулетованың ұйымдастыруымен «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бағдарламасы аясында баспадан шығарылған Д.Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы», Э.Кеннидің «Антика философиясы» атты еңбектерінің мазмұны ЖОО белсенді студенттеріне арнайы таныстырылды.

Ғалым оқытушы жастарға бұл еңбектер әр дәуірдегі ғылыми жаңалықтар мен тарихи оқиғалармен өрбіген, әдеби көркем туындылары философиялық тұрғыда талданған құнды дүние екендігі туралы мағлұматтар айтты. Өз кезегінде студент жастар Э.Кеннидің «Антика философиясының» IX тарауын да талқылауға белсенділік танытып, осы кітапты қолдану бойынша үлгі сабаққа қатысып отырды.

2020 жылдың 12 наурыз күні Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай «Ontustik» телеарнасының ұйымдастыруымен өткен «Әл-Фараби – өркениет философы» атты руханият тақырыбындағы сұқбатқа қатысқан қонақтар арасында ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы т.ғ.к. Қ.С.Анарбаев та болды. Әңгіме барысында ол Әбу Насыр Әл-Фарабидің тұлғалық қасиеттерін қалыптасуындағы маңызды рөл ойнаған ғұламаның туған жерін, оның ішінде Оқсыз қаласының тарихи орнын және ғалымның білім мен тәрбиеге қатысты ой-пікірлері көрініс тапқан ғылыми еңбектерін көпшілікке таныстырудың маңызына қатысты өз ойларымен бөлісті.

2020 жылдың 12 наурыз күні ЖОО-ның физика – математика факультетінің мұрындық болуымен ОҚМПУ және Түркия республикасындағы «Анкара» университеті ғалымдарының, студент жастарының қатысуымен қазақ халқының ойшыл ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Түркі әлемінің ұлы ойшылы» атты халықаралық онлайн – конференция өтті.

Аталған тақырыптағы конференцияның басы «Анкара» университетінен бастау алып бірнеше түркі тілдес елдердегі ЖОО-ның әріптестерін одан ары одан ары қолдауымен эстафеталық сипатта өтіп келе жатқаны белгілі. Кезекті ғылыми жиынды мойнына алған ОҚМПУ ұжымы оны жоғары деңгейде ұйымдастыра алды. Конференция барысында ғалымдардың теориялық тұрғыдан құнды ғылыми пікір алмасулары тәжірибелік тұрғыдан да маңызды іс-шаралармен толықты. Атап айтқанда аталған ЖОО-ның студенттерінің Абай шығармаларын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жатқа айта отырып тыңдарман қауымға ойшыл ақын Абайдың кестелі сұлу сөздің иесі, көркем әдебиеттің темірқазығы, өшпейтін жарық жұлдызы екенін тағы бір мәрте танытты. Алда осындай істердің жалғасы болатыны белгілі болды.

2020 жылдың 12 наурыз күні Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен «Жаңартылған білім мазмұны-бәсекеге қабілетті маман дайындаудың негізі» атты семинар өтті. Оған Назарбаев зияткерлік мектептері ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының тренерлері, Назарбаев Зияткерлік мектебі мен Шымкент қаласындағы жалпы орта мектептерінің мұғалімдері, кафедра оқытушылары

және «Тарих-Дінтану», «Тарих» мамандығының студенттері қатысты. Жиын барысында елдегі бәсекеге қабілетті маман дайындаудағы проблемалары мен перспективалары және бүгінгі озық тәжірибелері талқылау нысаны болды. Сонымен бірге жаңартылған білім берудің ұлттық тәрбиемен сабақтастық табатын тұстарына, олардың еліміздегі жүріп жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламаларымен түйісетін тұстарына да назар аударылды.

12.04.2020ж. күні «Nur Otan» партиясының, «Jas Otan» жастар қанатының, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, Шымкент қаласы «Адалдық алаңы» жобалау офисінің өкілдерін шақыра отырып, ОПҚ және студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша «Жемқорлық індет-жою міндет» атты семинар өткізу жоспарланған болатын, алайда елімізде коронавирусқа қатысты карантинде болғанымызға байланысты біз «Nur Otan» партиясының, «Jas Otan» жастар қанатының, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, Шымкент қаласы «Адалдық алаңы» жобалау офисінің өкілдерін Zoom бағдарламасы арқылы онлайн байланысқа шығып жас студенттермен бірге қазіргі кезде белең алып отырған «Жемқорлық індет-жою міндет» атты семинар өткіздік. Семинарда студенттерге «Jas Otan» жастар қанатының, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, Шымкент қаласы «Адалдық алаңы» жобалау офисінің өкілдері студенттерге лекция оқыды және студенттердің көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, жауап алды.

13.04.2020ж. «Ұстаздарға құрмет пен алғыс» атты студенттермен «Біз үйдеміз!», «Біз біргеміз!» атты топ тәлімгері Мейірбек Н.Қ.2 курс студенттерімен челлендж ұйымдастырды. Okmpu.philology <https://www.instagram.com/p/B-9m-RDnrTs/?igshid=fhpqvv9xakpw> сайт арқылы көре аласыздар.

14.04.2020ж. «Кітап-білім бұлағы» атты кітап оқу дағдысын арттыру мақсатында жастар арасында челлендж, Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша, студенттерге қашықтықтан білім алуды үйрету әдістемесі тақырыбында семинарды Ағылшын тілі кафедрасы, топ тәлімгері Мейірбек Н.Қ.2 курс студенттерімен өткізді, осы сайт арқылы көре аласыздар. Okmpu.philology<https://www.instagram.com/p/B-8yKoVnKmd/?igshid=gqajov6xjl91>

16.04.2020ж. «Сананы сынға түсірген тәж-тажал» атты тәлімгерлік сағат Ағылшын тілі кафедрасы, тәлімгерлер, студенттермен «Zoom»бағдарламасында өткізді.Okmpu.philology <https://www.instagram.com/okmpu.philology?igshid=vehb2q5v93c7> сайт арқылы көре аласыздар.

16.04.2020ж. 1703-69 оқу тобымен «Білімді жастар – ел болашағы» тақырыбында 1 курс топ студенттерімен «Біз үйде боламыз!»«Біз біргеміз!» атты челлендж топ тәлімгері Мейірбек Н.Қ. 1 курс студенттерімен өткізді. Okmpu.philology <https://www.instagram.com/okmpu.philology?igshid=vehb2q5v93c7>

17.04.2020ж. Академиялық топтар арасында «Заң және заман» атты тәлімгерлік сағат «Zoom»бағдарламасында 119-87 тобының топ тәлімгері Абдукаримова А.А. өткізді. Okmpu.philology <https://www.instagram.com/okmpu.philology?igshid=vehb2q5v93c7>

20.04.2020ж. күні Білім алушылардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру бойынша семинарлар өткізу жоспарланған болатын, алайда елімізде коронавирусқа қатысты карантинде болғанымызға байланысты кафедрамызда топ тәлімгерлері өз студенттеріне Zoom бағдарламасы арқылы онлайн байланысқа шығып, білім алушылардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, мазмұнын ашып талқылады.

## **«Рухани жаңғыру» бағдарламасын терең түсіну мен орындау арқылы «Мәңгілік Елге» айналамыз.**

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақаласының жарияланғанына 12 сәуір күні 3 жыл толды.

Бүгінгі таңда аталған мақаланың заңды жалғасы санатындағы «Ұлы Даланың жеті қыры» атты Елбасы қаламынан хатқа түсіп, мақала мазмұнымен танысқан жұрттың көкейінен берік орын алған мазмұны мен мәні терең мақалалары Қазақ елінің ұлттық идеологиясына айналып отыр. Осы орайда Елбасы мақалалары Қазақстандықтардың рухын оятып, тарихи санасын тірілтіп, бүгінгісін бағалауға, ертеңгі күніне сеніммен қарауына ұлысымызды ұйыстыратын бірден бір рухани күштің қайнарына айналуда. Алдағы үміт одан да зор. Өйткені, тарихи жағдайда алғанда кез келген мықты дамыған елдің руханият саласы мықты болып, тас-түйін күйде сол елдің елдігіне, халықтың халықтығына берік тірек болғанда ғана өзгелерді мойындатып, өз соңынан ерте алған.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің ұжымы өңірдегі ЖОО арасында ең алғашқылардың бірі болып арнайы «Рухани жаңғыру» орталығы жанынан «100 Жаңа оқулық» коворкинг орталығын ашып, студенттерге арналған арнайы жабдықталған алаңшаны іске қосты. Әсіресе, арнайы «Рухани жаңғыру» алаңы өңірдегі ЖОО арасында тек ОҚМПУ-де ғана бар. Алаңды безендіру жұмыстары «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мазмұнын ашып көрсететіндей етіп жабдықталған. Аталған арнайы материалдық-техникалық қолдаудың арқасында жастар ұлттық рухымызды бекемдей түсетін көптеген іс-шараларды өткізіп келеді.

«Рухани жаңғыру» орталығы жоспарына сай ОҚМПУ ПОҚ тарапынан «Рухани жаңғыру» бағдарламасына орай ғылыми еңбектер мен БАҚ-да мақалалар жариялау, сұқбаттар ұйымдастыру жоспарланған болатын. Сол жоспарларға сай төмендегіше жұмыстар атқарылды:

**1. М.О. Қалмұратов, Қ.С. Анарбаевтың авторлық бірлестікте «Қазақтану және қазақы таным» (Ұлы дала – бір Дала. Барлық қазақ – бір қазақ) атты кітапша. Офсеттік басылым.**

**2. «Рухани жаңғыру» тақырыбымен сабақтастықта халықаралық деңгейде ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастырылды. Атап айтқанда:**

1. «Инновациялық білім беру жағдайындағы педагог креативтілігі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. 25.10.2019.

2. «Шымкент қаласының тарихы және өркениеті» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. 22.11.2019.

3. Әбу Насыр әл - Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған «Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми – әдеби әлемі» атты конференциясы.

4. Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай ұйымдастырылған «Абай мұрасы – халық қазынасы» тақырыбында дәстүрлі Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы.

5. Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Түркі әлемінің ұлы ойшылы» атты халықаралық онлайн – конференциясы.

Аталған конференцияларға ұлттық құндылықтар мен «ұлттық кодты» тану мен сақтау, оны білім мен тәрбие істерінде пайдаланудың жолдары бойынша жүздеген ғылыми мақалалар ұсынылды. Бүгінгі қоғамдағы білімнің салтанат құруында олардың пайдалы тұстары сөзсіз екені даусыз.

3. БАҚ мақалалар төмендегі кестеде беріледі:

№	Мақаланың тақырыбы	Авторы	Жарияланған орны	Жарияланған мерзімі
1	На высате эльбруса	Светлана Башиева филология ғылымдарының докторы.	Панорама Шымкент	02.10.2019. №78
2	Ұлттық құндылықтарды ұлықтаған құжат	Б. Исабек І проректоры	Оңтүстік Қазақстан газеті.	30.10.2019
3	Послания от номадов	Г.Д. Сугирбаева т.ғ.д. доцент	Понарама Шымкента №87	01.11.2019
4	По шести направлениям	Қ.С.Анарбаев	Понарама Шымкент	29.11.2019
5	Шырайлы шаһардың қос қуанышы	Сманов Ілесхан Сманұлы, ОҚМПУ ардагерлер кеңесінің төрағасы п.ғ.д., профессор .	Әділет газеті № 35- 36	26.12.2019
6	Құндылықтарымызды қадірлейік	Сманов Ілесхан Сманұлы, ОҚМПУ ардагерлер кеңесінің төрағасы п.ғ.д., профессор .	Әділет газеті № 05	21.02.2020
	Абай және ел бірлігі	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ф.ғ.к., аға оқытушы Нұрпейісов Н.	«Шымкент келбеті» газеті	
	Елбасы мақаласы сын сағатта халқымыздың ертеңге сенімін арттырды	ОҚМПУ ректор м.а т.ғ.к Г.Д Сүгірбаева	Kazinform.kz.	10.04.2020ж.
	Мақала: Әл-Фараби және Әл-Машани	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ф.ғ.к., доценті Кажиақбарова Р.	«Оңтүстік Қазақстан» газеті.	04. 04. 2020
	Еңбекті бағалай білейік	Оқу және оқу әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Б.Исабек	Okz.kz сайтында.	21.04.2020
	Шымкент – қайырымды қала (Әл Фараби бабамыздың 1150 жылдық мерейтойына орай)	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ф.ғ.к., аға оқытушы Н. Нұрпейісов	«Шымкент келбеті» газеті	06.05.2020ж
	Ұлтты ұйыстырар ұлылық	ОҚМПУ ректор м.а т.ғ.к Г.Д Сүгірбаева	Okz.kz сайтында.	14.04.2020 ж

	Елбасының абыздық ақылы елге қуат	«Рухани жаңғыру» орталығының басшысы т.ғ.к Қ.С.Анарбаев	«Оңтүстік Қазақстан» газеті.	14.04.2020 ж
	Бірлесе көтерген жүк жеңіл	Оқу және оқу әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Б.Исабек	Okz.kz сайтында	14.04.2020 ж
	Әл фараби ұлы Музыка зерттеушісі	М. Тәңірбергенов Кәсіптік шығармашылық факультетінің деканы	Шымкент келбеті № 25	17.04.2020ж
	«Бірінді, қазақ , бірін дос, көрмесең – істің бәрі бос»	ф.ғ.к. аға оқытушы Н. Нұрпейісов	«Шымкент келбеті» газеті №43	10.06.2020ж

**«Рухани жаңғыру» тақырыбын қозғаған ғылыми баяндамалар түрлі деңгейлердегі ғылыми конференцияларда жасалды**

№	Мақаланың тақырыбы	Авторы	Жарияланған орны	Жарияланған мерзімі
1	Ханқорған (ғылыми баяндама)	ОҚМПУ оқу және оқу әдістемелік істер жөніндегі проректоры, т.ғ.к., доцент Исабек Б.Қ.	Түркістан облысы, Сайрам ауданының-90 жылдығына орай «Шежірелі Сайрамнан-Жаңарған Сайрамға» атты ҒТК материалдары	Сайрам ауданы, 17.10.2018 ж.
2				
3				
4				

т.б. ғылыми баяндамаларда тақырып аясы ашыла түсті.

**Телебағдарламаларда жасалған сұқбаттар**

№	Телебағдарлама атауы	Телеканал	Авторы	Сайты
1	«Қоғамдағы діни ахуал» тақырыбында сұқбат 11.09.2019 ж.	Республикалық қоғамдық ұйымдардың бірі «Әлеуметтік қорлар орталығы»	Қ.С. Анарбаев.	
2	Түркістан өркениеті 14.10.209	Қазақстан Шымкент	Қ.С. Анарбаев.	
3	Рухани жаңғыру бойынша сұқбат 18.11.2019	Отырар телеарнасы	Қ.С. Анарбаев.	

4	Дін мен дәстүр сабақтастығы 21.11.2019	«Ontustik» телеарнасы	Қ.С. Анарбаев.	
5	Әл- Фарабидің-1150 жылдығына орай 4.12.2019	Айғақ телеарнасы	Б. Исабек Б. Исабек ОҚМПУ I проректоры	
6	Сұлтанбек Қожановтың ғибратты ғұмыры 13.10.2019ж	Айғақ телеарнасы	Нүрпейсов Нариман	
7	«Рухани жаңғыру» бойынша 08.12.2019ж	Отырар телеарнасы	Анарбаев.Қ	
8	Тәуелсіздік күніне орай 11.12.2019ж.	«Ontustik» телеарнасы	Қ.С. Анарбаев	
9	Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай 12.03.2020ж.	«Ontustik» телеарнасы	Қ.С.Анарбаев	<a href="http://shymkenttv.kz/kz/archive/programs/programs_poz/kozaiym/1096080">http://shymkenttv.kz/kz/archive/programs/programs_poz/kozaiym/1096080</a>
10	«Абай – қазақтың рухани ұстазы» тақырыбында тәрбие сағаты,	facebook ОҚМПУ Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ф.ғ.к., аға доценті Кажиақбарова Р	«Zoom» бағдарламасы
11	«Ұстаз ұлағаты» эстафетасы	okmpu.philology атауындағы instagram желісінде	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ф.ғ.к., аға оқытушы Нүрпейісов Н.	
12	Алтын орда және Фольклорлық деректер 21.05.2020ж	Онлайн- сұхбат	Қ.С.Анарбаев т.ғ.к «Рухани жаңғыру орталығының басшысы	Webсайт: www.pushinlibuko.kz
13	Латын әліпбиіне көшу-рухани жаңғыру негізі	Онлайн- сұхбат	А. Мамыт филология факультетінің кафедра меңгерушісі, ф.ғ.к доцент	
14	Шымкент мәдени астана	«Ontustik» телеарнасы	Ректоры м.а. Г.Д.Сүгірбаева Б. Исабек ОҚМПУ I проректоры.	<a href="http://shymkenttv.kz/kz/archive/programs/programs_poz/Shymkent+madeni+astana+oko+1115754? utl t=wh">http://shymkenttv.kz/kz/archive/programs/programs_poz/Shymkent+madeni+astana+oko+1115754? utl t=wh</a>
15	«Көне дәуір әдеби жәдігерлері»	facebook және instagram желісінде тікелей эфир. Сақталды (сылка):	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының PhD докторы	<a href="https://youtu.be/wqeun9s limo">https://youtu.be/wqeun9s limo</a>



			жоба жұмысы Нуриманов Б.	
--	--	--	-----------------------------	--

**Университет профессор-оқытушылары мен студенттері жоспардан тыс Руханият тақырыбындағы өткізілген кездесулер мен кештерге қатысты.**

<b>Р/С</b>	<b>Іс-шара атауы</b>	<b>Іс-шара қонақтары</b>	<b>Өткізілген күні</b>	<b>Өткізілген орны</b>
1	Белгілі тарихшы ғалым Әлімғазы Дәулетханмен ОҚМПУ профессор-оқытушылары және студенттерінің кездесуі	Ғалымдар, зиялы қауым, студенттер	21.09.2018 ж.	ОҚМПУ, бас ғимарат 316-дәрісханасы
2	Қоғам қайраткері, белгілі жорналшы Жұмамұрат Тұяқбаевтың 80 жылдық мерейтойына арналған «Тұғыры биік Тұяқбаев» атты еске алу кеші	«Жас Отан» ЖҚ, зиялы қауым, студенттер	26.09.2018ж.	«Отырар» кітапханасы

Бұл жұмыстарға қосымша Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында профессор-оқытушылар тарапынан университет көлемінде орындау үшін биылғы оқу жылына 10 ғылыми жоба ұсынылды. Олардың барлығына студенттердің қатысуы көзделген болатын. Алайда, ОҚМПУ Ғылыми Кеңесінде ол жобаларды жетілдіре түсу керектігі туралы (28.02.2019ж.) шешім қабылданды. Аталған іс-шаралардан бөлек ОҚМПУ профессор-оқытушылары мен студенттері «Рухани жаңғыру» бағытында Шымкент қаласы және Түркістан облысы аумағында өткізіліп жатқан түрлі іс-шараларға да белсене қатысып келеді.

2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ОҚМПУ бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарлама шеңберінде 50 (жалпы саны) іс-шара іске асырылды, қаржыландыру соммасы 3 450 000, оның ішінде демеушілік қаражат 244 000 тенгені құрап, ол жұмыстарға 7160 адам қамтылды.

### **Қорытынды мен ұсыныстар**

1. Университетте «Рухани жаңғыру» бағытындағы ҒЗЖ тақырыптарын фундаментальды, халықаралық гранттар және қолданбалы келісім-шарттар негізінде қаржыландыру көздерімен жұмысты жандандыру қажет.
2. Студенттердің стартап жобаларын кеңейту мен келешекте коммерцияландыруды Республикалық «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлік палатасымен үйлестіру жұмыстарын жолға қоюды жетілдіру.
3. Университеттің оқу, ғылым және тәрбие жұмыстарымен тікелей айналысатын құрылымдардың (факультеттер, кафедралар, Жастар комитеті) және ПОҚ жеке

жоспарларының тарауларына арнайы «рухани жаңғыру» бағыты бойынша атқаратын жұмыстарды жоспарлауды міндеттеу.

4. «Рухани жаңғыру» орталығының жұмыс жоспарларына енгізілген өзгерістерге орай әрбір құрылым жұмыс жоспарларына жауапты тұлғалардың жауапкершілігін одан ары арттыра түсіп, құрылымдардың әлеуеттік мүмкіндіктеріне орай дамытып әкететін жас кадрлармен толықтыру мәселесі оң шешімін тапқаны дұрыс болар еді.

5. Елімізде және өңірдегі, ЖОО –дағы «Рухани жаңғыру» бағытындағы іс-шараларға үнемі қатысып отыруды жалғастыру, соның ішінде БАҚ мақалалар жариялауды сай жазғы демалыс айларында да орындауды қолға алу.

#### «Рухани жаңғыру» орталығының жұмысының SWOT – талдауы

Орталықтың жұмысының тұтастығы мен толықтығын бағалау <b>Күшті жақтары</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Рухани жаңғыру» бағытындағы жұмыстарды атқаруда ОҚМПУ ПОҚ ғылыми әлеуетінің жоғары болуы;</li> <li>- ПОҚ мен студенттер, магистранттар, докторанттардың «Рухани жаңғыру» тақырыбында түрлі деңгейлердегі конференцияларға қатысуы, ғылыми еңбектер мен мақалалар жариялауы және іс-шараларға белсенді қатысуы;</li> <li>- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың материалды-техникалық базасының заманауи талапқа сай жабдықталуы мен ғылыми ізденістерге жағдай жасалған;</li> <li>- студенттердің (оның ішінде шетелдік азаматтығы бар туысқан түркі халықтары өкілдері де бар) арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасына қызығушылығының артуы;</li> <li>- ПОҚ ғылыми жобаларға қатысуға әзірлігі деңгейінің жоғарылығы, ғылыми жобаларды ұсынуы деңгейінің артуы;</li> <li>- СҒЗЖ «Рухани жаңғыру» тақырыптарымен белсене айналысуларының жоғары болуы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ПОҚ мемлекеттік гранттық жобаларға қатысуы деңгейінің төмендігі;</li> <li>- ЖОО шеңберіндегі «Рухани жаңғыру» бағытындағы ғылыми жобаларды қаржыландыруға керекті қаржы көлемінің айқын еместігі</li> </ul>
<b>Мүмкіндіктері</b>	<b>Қауіптілігі</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Үш тілділікті» және жаңа әліпбиді барлық ОПҚ - ның меңгеруіне мүмкіндіктер бар;</li> <li>- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында орындалатын ғылыми жобалардың және студенттердің стартап жобаларын одан ары жетілдіру мен олардың нәтижелерін коммерциализацияландыруды қолға алу;</li> <li>- Республикалық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен біріккен</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>ЖОО барлық құрылымдарында белсенділіктің бірдей көрініс көрсете алмауы;</li> </ul>

жобаларды қолға алу;	
----------------------	--

**ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы,  
т.ғ.к., доцент м.а.**

**Анарбаев Қ.С.**

ОҚМПУ Ғылыми Кеңесі мәжілісінде талқыланып, бекітілді №10 хаттама 28.06.2018 ж.

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлі  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті**

Бекітемін:

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік  
педагогикалық университетінің  
ректоры м.а. \_\_\_\_\_ Г.Д.Сүгірбаева  
« » \_\_\_\_\_ 2020 ж.

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Оңтүстік Қазақстан  
мемлекеттік педагогикалық университетінде 2019-2020 оқу жылында атқарылған  
жұмыстар  
есебі.**

Шымкент, 2020 ж.